ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 31 наурыз № 5165-25-00-2/225 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.А.Бейсембекова,
сот отырысының хатшысы Б.Ғ.Бақытжанның хатшылығында,
ашық сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдарын, «WhatsApp» мессенджерін пайдалана отырып қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі И.Турегелдиев
жауапкер өкілі Н.Р.Марат

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 13 желтоқсанда тараптар арасында № 2 электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай – Шарт) жасалған.

Шарттың қосымшасына сай жауапкер 759 000 теңгеге 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін сым желілері бойынша кең жолақты Интернетке қол жеткізуді ұсынуға бағытталган қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, келісім шартты бұзуды, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тізілімге енгізуді сұраған.

Жауапкер арыз келтіріп талап қоюды толық көлемде мойындайтынын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі И.Турегелдиев талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі Н.Р.Марат талап қоюды толық көлемде мойындайтынын айтты.

Соттың 2025 жылғы 31 наурыздағы ұйғарымымен Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 277-бабының 1)-тармақшасына талап қоюдың тізілімге енгізу туралы бөлігінде іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған, ал 279-бабының 8)-тармақшасына сәйкес талап қоюшының келісім шартты бұзу туралы талабы қараусыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай Шарт қазынашылықта тіркелген күннен бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарттардың талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шартың 1.1-тармағының талаптарына сай орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетенеді.

Шарттың қосымшасына сай жауапкер 759 000 теңгеге 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін сым желілері бойынша кең жолақты Интернетке қол жеткізуді ұсынуға бағытталған қызметтер көрсетуге міндеттеме алған.

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 08.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.05.2025, судья Бейсембекова Д. А., 12.05.2025
5165-25-3-1/155

Жауапкер талап қоюды мойындап, сотқа жазбаша арыз келтірген.

АПК-нің 171-бабына сәйкес сот талап қоюшының талап қоюды мойындауы өзге тұлғалардың бостандықтары мен құқықтарын бұзбауына байланысты және заң талаптарына қайшы келмегендіктен, оны қабылдауға жатады деп санайды.

Демек, қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп табады.

Істің мұндай тұрғысында сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Мақта және бақша ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Құжатқа қол қойылған: Бейсембекова Д. А., 08.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.05.2025, судья Бейсембекова Д. А., 12.05.2025